**2018 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша Қамысты ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы**

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 3 тамыздағы № 85 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 қыркүйекте № 8023 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 3-тармағына сәйкес Қамысты ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2018 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі Қамысты ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Қамысты ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариалау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қамысты ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2018 жылғы 15 мамырдан бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.

*Қамысты ауданы әкімінің*
*міндетін уақытша атқарушы* *Н. Биртазин*

Әкімдіктің
2018 жылғы "3" тамыздағы

№ 85 қаулысына
қосымша

# 2018 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі Қамысты ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері

| № | Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрі | Егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуы |
|---|---|---|
| III құрғақ дала аймағы | | |
| 1 | Жаздық бидай | 2018 жылғы 15 мамырдан 2 маусымға дейін |
| 2 | Жаздық арпа | 2018 жылғы 15 мамырдан 5 маусымға дейін |
| 3 | Сұлы | 2018 жылғы 15 мамырдан 5 маусымға дейін |
| 4 | Қарақұмық | 2018 жылғы 20 мамырдан 5 маусымға дейін |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК